



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ:
ПЕРСПЕКТИВАЛАР МЕН СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

Х-шы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
5 мамыр 2020 ж.

**СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ
КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА:
ПЕРСПЕКТИВЫ И ВЫЗОВЫ**

Материалы X-Международной
научно-практической конференции
5 мая 2020 г.

Нур-Султан, 2020

УДК 327(063)
ББК 66.4 (0)
С 69

Редакционная коллегия:

Доктор политических наук, профессор **Р.А. Нуртазина**, Казахстан
Доктор политических наук, профессор **Е.В.Матвеева**, Россия
Доктор политических наук, профессор **Хасан Язиджы**, Турция
Депутат VI Созыва Палаты представителей Национального собрания
Республики Беларусь – **Жданович Павел Леонидович**

Организационный комитет конференции: E-mail: polscience323@gmail.com

Информация о конференции на сайте: enu.kz

Рыстина И.С. – доктор PhD, доцент, зав.кафедрой политологии

Копежанова Д.Е.- доктор PhD, доцент кафедры политологии

Болатулы Нуржан – преподаватель кафедры политологии

«Социально-политическая модернизация казахстанского общества: перспективы и вызовы».

Сборник материалов X- Международной научно-практической конференции. (5 мая 2020 г) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337- 131-3

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки, философии Абая Кунанбаева в современных социально-политических реалиях, волонтерства в контексте формирования гражданского общества и реализация программы «Рухани жанғыру», как новые тренды духовного обновления нации.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337- 131-3

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2020.

ОӘК:323(574)

*Қаленова Т. С.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
т.ғ.к., саясаттану кафедрасының доценті,
kalenovats@mail.ru
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан,*

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ЗИЯТКЕР ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ (ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ)

Аннотация

Статья посвящена изучению и анализу программной статьи Первого Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизации общественного сознания. В статье рассматривается формирование интеллектуальной нации как основа духовного возрождения. Основное внимание в статье автор акцентирует на исторической преемственности идеологии Алаш и основных направлениях программы «Рухани жаңғыру».

Abstract

The article is devoted to the study and analysis of the program article of the First President of the Republic of Kazakhstan N. Nazarbayev “A look into the future: modernization of public consciousness. The article considers the formation of an intellectual nation as the basis of spiritual rebirth. The author focuses on the historical continuity of the Alash ideology and the main directions of the “Rukhani zhangyru” program.

Қазақстан тәуелсіздік алған кезден бастап зиякерлік ұлт қалыптастыру мәселесінде мемлекетіміздің өз даму жолы қалыптасты. Десек те, 1990-жылдардағы өтпелі кезеңде елімізде түбегейлі өзгерістер жүргізіліп, халықтың жағдайы күрт төмендеп кеткені белгілі. Сол кездегі аумалы-төкпелі уақытта да Елбасы стратегиялық басымдықты адам әлеуетін дамытуға, соның ішінде зияткер ұлт қалыптастыруға қойды. Осылайша, Мемлекет басшысы ұзақ мерзімге эволюциялық және тұрақты даму жолын таңдаған болатын.

Елбасы 2017 жылдың сәуір айындағы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында зияткер ұлт қалыптастырудың кепілі- зияткерлік капитал екендігін айқындап көрсетті: «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет.

Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Біз он мыңдаған жасты әлемнің маңдайалды университеттерінде оқытып, дайындадық. Бұл жұмыс өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының басында қолға алынған «Болашақ» бағдарламасынан басталды. Елімізде өте жоғары деңгейдегі бірқатар университеттер ашылды, зияткерлік мектептер жүйесі қалыптасты. Басқа да көптеген іс тындырылды. Дегенмен, білімнің салтанаты жалпыға ортақ болуға тиіс. Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді» [1]. Дәл осы ретте Алаштың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген болатын. Сондықтан, 1920-жылдары қазақ зиялылары ұлттық мектеп ашу ісімен қатар ұлттық жоғары оқу орынын ашу жолында қыруар еңбек етті. Алғаш рет қазақ тарихында жоғары оқу орны 1921 жылы-ақ ашылған. Нақтылап айтсақ, Алаш зиялыларының тікелей араласуымен Қазақ мемлекеттік университеті 1921 жылы 15 қыркүйекте Орынбор қаласында ашылады.

Университет құрамында биология, ауыл шаруашылық, экономика, тау, техника, педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеттері болды. Алайда, оқыту материалдық

базасының болмауы, құрал-жабдық пен оқытушы кадрларының жетіспеуі және де 1921-1922 жж. аштық салдарынан бұл университет бірден жабылып қалады. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ұлттық маман-кадрларын даярлау үшін арнап ашқан тұңғыш ұлттық білім ордасының ғұмыры осылайша қысқа болды.

Шынымен де, кез келген ұлттың дамып, өркендеуі үшін алдымен білім беру мәселесін шешу қажет. Өйткені, тек қана білім беру жүйесін күшейту арқылы ғана мемлекет өрге басып, өркениетке жете алады.

Алаш зиялылары білім және ғылым саласы турасында «Алаш» партиясы бағдарламасы жобасының «Ғылым-білім үйрету» деп аталынатын ІХ бөлімінде оқу орындарында білім алу жалпы халыққа қол жетімді, әрі тегін болуын, бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту, ұлттық орта мектептер мен университет ашу қажеттігін көрсете келе, одан әрі: «оқу жолы өз алды автономия түрінде болуы; хүкмет оқу ісінде кіріспеу; мұғалімдер - профессорлар өзара сайлаумен қойылуы» деген оқу-білім мәселесіне қатысты белгілеген басты бағыттар қазіргі күнгі әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес келетін негізгі талаптар екендігіне көз жеткіземіз.

Алаш идеясының өзегі ұлттық идея болғандығы турасында Елбасы: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал» [2, 156], - деп айтқан болатын.

Зияткер ұлт қалыптастыру – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі. Сондықтан, Елбасы бұл мәселеге тәуелсіздік алған кездің алғашқы жылдарынан-ақ жіті көңіл бөліп келеді. 1993 жылы Қазақстан Республикасының Президенті қаулысымен «Болашақ» халықаралық стипендиясы құрылды. Біздің еліміздің жастары «Болашақ» бағдарламасы шеңберінде әлемнің жетекші оқу орындарында білім алуға зор мүмкіндік алды.

2008 жылы Елбасы бастамасы бойынша Зияткерлік мектептер құру жөніндегі жоба іске қосылды. Қазіргі уақытта республикада жиырмаға жуық Назарбаев зияткер мектептері жұмыс жасайды. 2010 жылы Президент бастамшылығымен халықаралық деңгейдегі Назарбаев Университеті ашылды.

Елбасы аталған бағдарламалық мақаласында ХХІ ғасырдағы ұлттық сана қалыптастыру үшін тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғырту қажеттігін айтып, оның бірнеше бағытын белгілеп берді. Олар: бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, сананың ашықтығы.

Жалпы алғанда, қазіргі кезде елімізде жүзеге асырылып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы өткен ғасырдың басынынан бастау алады десе де болады. XX ғасыр басында Алаш зиялылары қазақ ұлтының рухани жаңғыруы жолында жанкешті еңбек етті. Олардың 1917 жылғы қос төңкеріс кезіндегі қызметтері, Алаш, Түркістан автономияларының құрылуы, азамат соғысы жылдарында большевиктерге қарсы күресі, кеңес үкіметі орнаған соң «қарулы күрестен, рухани күреске көшуі» «Болашаққа бағдар-рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» жолымен толық сәйкес келеді.

Әсіресе, Алаш зиялылары 1920 жылдары кеңестер жағына өткен соң бұл мақсаттарын кешенді түрде жүзеге асыра бастады. «Білімнің салтанат құруы» деген бағыттын алатын болсақ, Алаш зиялыларының мектеп, университет алғашқы Қазақ мемлекеттік университеті 1921 жылы 15 қыркүйекте (1928 ж.) ашылғаны мұрағат құжаттарынан белгілі. Ал 1926 жылы Қызылорда қаласында алғашқы Қазақ театрын ашу, сахнада спектакль қойылымдарын қою аталған бағдарламаның «Жаһандану әлемінде заманауи қазақстандық мәдениет» бағытына, сол кезде газет-журналдарды шығаруды көбейту «Сананың ашықтығы» мәселесіне тұспа-тұс келеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы өткен ғасырдағы қазақ зиялыларының Әлем классиктерінің еңбектерін қазақшаға аудару жұмыстарының тарихи жалғастығы болды деуге болады.

Алаш қайраткерлері көркем аудармамен, ғылыми, ғылыми-танымдық, саяси әдебиеттер мен түрлі пән оқулықтарын, оқу-ағартуға арналған құралдарды аударумен де айналысқан. Олар әлем әдебиетінің жауһарлары саналатын Ги де Мопассан, О.Уайльдтің, орыс классиктері Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, И.С.Тургенев және В.Г.Короленко, Д.Н.Мамин-Сибиряктің шығармаларын, көне гректің әйгілі ақын-мысалшысы Эзоп мысалдарын қазақшылаған. (Л.Н.Толстойдың «Қажы-Мұрат» («Хаджи-Мурат») повесін, «Кавказ тұтқыны» («Кавказский пленник»). Ә.Бөкейхан аударған ғылыми әдебиеттер: К.Фламарионнан аударған «Астрономия әліп-биі», Т.Тутковскийден аударған «Жердің қысқаша тарихы», Шәкәрім А.Пушкиннен тәржімелеген «Дубровский» романын «Дубровский әңгімесі», «Метель» повестін «Боран» деп атады. Ұлы орыс ақынының қарасөзбен жазылған бұл екі шығармасын да Шәкәрім өлеңмен аударды. Ол Америкалық жазушы Гарриет Бичер-Стоунның «Том ағайдың балағаны» романын, А.Байтұрсынұлының И.А.Крыловтың мысалдарын, А.С.Пушкиннің шығармаларын, Ж.Аймауытовтың Джек Лондонның «Күштілердің күші», «Теңсіз, телегей аттаныс», Г. Мопассанның «Су жүзінде», В.Гюгоның «Бейшаралар», Р.Тагордың «Балжан», А.С.Пушкиннің «Сараң сері», «Тас мейман», Н.В.Гогольдің «Бақылаушы» еңбектерін аударды.

Алаш зиялылары осылайша, қазақ ұлтын әдебиеті мен өнері дамыған жұрттардың үздік шығармаларымен, озық ойларымен таныстыруды мақсат етті. Міне, XX ғасыр басында ұстанған Алаш қайраткерлерінің мақсат-міндеттері XXI ғасырдағы ұлттық мұраттармен үндес келеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасында «өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі – қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл – табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің бірі» [1], екендігі, яғни зияткерлік капитал XXI ғасырдағы Қазақстанның басты даму факторы болатыны баса айтылды.

Кезінде алаштық интеллигенция ұсынған жол да қазіргі қазақстандық жол сияқты өркендеу жолы болды. Алаш зиялылары қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірбиесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, басқа өркениетті елдердің өмір тәжірбиесін ескере отырып, одан ары жетілдіре түсуді көздеді» [3,340] Сондықтан, алаш қайраткерлерінің қазақ мемлекеттілігін құрудағы ұстанымдары бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мұрат-мақсаттарымен тура сабақтас келеді.

Алаш идеологиясының түпкі мәнісі «Жұртта білім болса, байлық, құрмет, барша рахат та табылмақшы. Егерде білім, өнер жоқ болса, дүниедегі кеңшіліктің бәрінен де құр қалып, көрінгенге жем болып, шөліркеп, азып-тозып бітпекші» дегенге сайып келді. Өйткені, XX ғасырдың басындағы Әлихан Бөкейханов бастаған алаш зиялылары «өз отанының болашағын әлемдік өркениетпен тұтастықта көрген» [4]. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасында: «табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1],- деп ерекше ден қойылды. Ендеше, зияткер ұлт қалыптастыру мәселесі қашан да болсын мемлекетімізде басты басымдық, дамуымыздың шешуші факторы болып табылады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Егемен Қазақстан.- 26.04.2017.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында.- Алматы: «Атамұра», 2003.- 288 б.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- Алматы: «Санат», 1995.- 368 б.
4. Қойгелдиев М. Бізге өркениеттік категориялармен ойлайтын кез келіп жеткен // Алаш айнасы, 2003, 1 ақпан.